bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2020

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Тақырыбы: "Алдар көсенің шапаны"

ЖАРИЯЛАНДЫ 15.04.2020
СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/71827/

Күні: 19.12.2019 ж

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімдері: Жапсыру

Тақырыбы: «Алдар көсенің шапаны»

Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұны бойынша қағазды қию тәсілі арқылы Алдар көсенің киімін жамау, балаларға қолмен жырту әдісін үйрету; қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына  баулу.

Қажетті құрал-жабдықтар мен  көрнекіліктер:  үлестірмелі материалдар, қайшы, желім, түрлі түсті қағаздар, шапанның суреттері.

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: «Алдар көсе» ертегісінен  фото суреттер.

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылык | Шаттық шеңбер.<br>Кел балалар күлейік ,<br>Күліп қана жүрейік.<br>Күлкі көңіл ажары ,<br>Теккана күліп өмір сүрейік.<br>Жақсы балалар орнымызға жайғасып отырайық. Тәрбиеші балаларды ертегі әлеміне шақырады. Бірақ қандай ертегі әлеміне келгендерін айтпайды. Жұмбақ ретінде тәрбиеші слайд суреттерді көрсетеді. Осы суреттер арқылы балалар қай ертегі әлеміне келгендерін анықтап айтып береді. Слайдтағы суреттер олар: «Алдар көсе» ертегісінің суретіері.<br>Ертегі көрінісін тамашалау: | Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін жасады.<br><br>Балалар «Алдар Көсе» ертегісін сахналайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру-ізденушілі | -Балалар сендер мына сурет қарап айтындаршы бұл қай ертегі?<br>-Дұрыс айтасындар. Алдар көсе сендерге ұнайма?<br>Ал енді оның үстіндегі киімін сипаттайықшы. Ол үстіне не киген?<br>Дұрыс айтасындар. Ал енді маған мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші. Ол әрдайым кімдерге көмектеседі, ол кімдерді алдайды? Жарайсындар балалар, сендер жақсы біледі екенсіндер. Ал енді бізде болса қазыр қай жыл мезгілі? Ал Алдар көсенің үстіндегі киімі қандай, жылы ма? Балалар бізде жылдың қай мезгілі?<br>-Иә, балалар күн болса суық Алдар көсеміз тоңып қалмау үшін біз қазыр оның шапанындағы тесік, жыртықтарды жамап берейік.<br>Ол үшін біз мына дайын суреттерді қолдана отырып, оларға жамауларды жамаймыз. Жамау тәсіліне біз қолмен жырту әдісін қолданамыз. Ал енді еңбеке кірісейік. Ең алдымен біз қауіпсіздік тәсілдерін ескерту керекпіз. Қайшымен ойнамаймыз, қолымызды кесіп алмай, абайлап қолданамыз. Желімді жамауларға жағып оларды дұрыс орналастырып жапсырамыз, мындада тазалық әдісін сақтаймыз.<br>Сергіту сәті.<br>Бала, бала, балақай,<br>Кәне қайсы алақай.<br>Саусақтарым әйбат,<br>Былай, былай ойнат.<br>Жақсы әріқарай жалғастырып тапсырмамызды аяқтаймыз. | Слайдқа қарап ертегіні анықтайды.<br><br>-Алдар көсе.<br>-Иә.<br><br>-Үстінде шапан, басында бөрік.<br><br><br>-Ол бай адамдарды алдайды. Кедейлерге көмек көрсетеді.<br><br>-Қыс.<br>-Жыртық, жылы емес.<br>-Жылдың қыс мезгілі.<br><br><br>Балалар тәрбиешінің тапсырмасын мұқият тындап, танысады.<br><br><br>Барлыға еңбекке кірісіп кетеді.<br><br><br><br>Жұмыстарын аяғынадейін жеткізіп аяқтайды.<br><br><br>Сергіту сәтін орындап, бойларын сергіп алады. |
| Рефлексивті- түзетушілік | Балалар сендер қандай ертегі кейіпкерімен таныстыңдар?<br>Ал біз Алдар көсеге қандай киімін жамап бердік?<br>Тәрбиеші балалардың еңбегін бағалап мадақтайды. | -Алдар көсемен.<br>Шапаның жамап бердік.<br>Балалар еңбектерін тәрбиешіге көрсетіп көрмеге орналастырады. |

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ертегі кейіпкері туралы түсініктерін толықтырды. Таза жұмыс істеуді.

Қандай түсініктерді игерді: Қолмен жылу тәсілін үйренді, тапсырманы тиянақты орындауды.Ұқыптылыққа тазалыққа үйренді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.